



Бүгін Мұхтар Әуезов атындағы мектепте «Қиын жағдайда балаға қалай көмектесуге болады» тақырыбында дөңгелек үстел форматында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының отырысы өтті.

Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Ж. Кирибаев, психологтар А.К. Байсова, Р. Е. Мусина ата-аналарға балалардың арасында құрдастарымен, достарымен және ересектермен қарым-қатынаста қиындықтар туындаса, балаға қалай көмектесуге болатындығы туралы ұсыныстар берді, сұрақтарға жауап берді. Сондай-ақ дөңгелек үстел барысында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау тақырыбы талқыланды.